

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы  
Ж.Ш.С. «Дин-Асыл1» бөбекжай балабақшасы.

Бекітемін:

ЖШС «Дин-асыл1» б/бақшасы

Менгеруші: Байсентова



*«1 Мамыр-Бірлік күні!»  
Тәрбие сағаты.*

*«Ертөстік» ортаңғы тобы.*

Тәрбиеші: Уразбаева Д.

2023-2024ж.





Түркістан облысы Қазығұрт ауданы  
Ж.Ш.С. «Дин-Асыл1» бөбекжай балабақшасы.

Бекітемін:

ЖШС «Дин-Асыл1» б/бақшасының директоры

Менгеруші: Байсентова



**«1 Мамыр-Бірлік күні!»  
Тәрбие сағаты.**

**«Ертөстік» ортаңғы тобы.**

Тәрбиеші: Уразбаева Д.

2023-2024ж.







Ересек жас тобы

## Мерекелік іс-шаралар: "Бірлікте өмір сүрейік!"

**САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:** "Бірлікте өмір сүрейік!"

**САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ МАҚСАТЫ:** Балаларда "Қазақстан халықтарының бірлігі күні" мерекесі туралы білімдерін толықтыру; өзге ұлт өкілдеріне деген достық қарым-қатынастарын нығайту; өзгені сыйлауға тәрбиелеу; шапшаң, мұқият болуға тәрбиелеу; балаларды жан-жақты дамыту.

### ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

#### 1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, музыкалық аппарат, кейіпкерлер: Япониядан келген Сакура, Америкадан келген Джейкоб пен Эшли, "Қазақстан халықтарының бірлігі күні" байланысты суреттер, тақия, түрлі-түсті таспалары бар таяқша.

### САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ БАРЫСЫ

#### КІРІСПЕ БӨЛІМІ

Зал әдемі безендірілген. Балалар әртүрлі ұлттар киімін киген. Бірінен соң бірі қатар болып залға кіреді. Қолдарында гүлдері бар.

Педагог:

Мамырдың бірі, достық күні

Ән салып, билеген халықтың үні.

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке, мамырдың бірі.

- 1 мамыр - "Қазақстан халықтарының бірлігі күні" құтты болсын!



Ортаға үш бала шығып, мереке байланысты тақпақтар айтады.

Тақпақтан кейін балалар орындарына барыпа тұрады да, барлығы бірге ән



айтады.

### **Ән. (музыка жетекшісінің қалауы бойынша)**

Әннен кейін балалар алдын-ала дайындалған орындықтарға барып отырады.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суретке аударады.



- Қараңдаршы, біздің Қазақстанымызда көптеген өзге ұлт өкілдері өмір сүреді. Олардың барлығы дерлік еліміздің ашық аспаны мен көкшіл туының астында бейбіт өмір кешіп жатыр. Түріне нәсіліне қарамастан теңдей білім алып, Қазақстан Республикасының Ата заңы негізінде өздерінің Отанына айналған қазақ еліне барынша қызмет етіп, беделін үстем етіп келеді. Кеңпейілді қазақ халқының дархан даласы жайлаған барша ұлт өкілдері қазақ жерін «Отаным» дейді. Мұндай мақтаныш сезімімен айтылған сөз жанымызды жадыратады.

### **Балалардың тақпақтары.**

Балаларының тақпақтары айтылғаннан кейін, залға Япониядан келген кейіпкер кіреді.



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Сакура:

- "Kon'nichiwa!" Менің есімім-Сакура. Мен қай елден келдім деп ойлайсыңдар? Япония.

- Иә, мен сендерге Япониядан келдім. Мен Қазақстанға қыдырып келдім. Қазақстанда менің туыстарым тұрады. Мен оларға қонаққа келдім.

Педагог:

- Япониядан келген қонағымыз Сакурамен бір ойын ойнасақ қайтеді? Балалар қуана келіседі.

### **Ойын "Тақия тастау".**

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Педагог шеңбердің сыртын айнала жүгіріп, бір баланың артына білдіртпей тастап кетеді. Сезіп қойған бала педагогті қуып жетуі керек. Ал педагог бала қуған баланың орнына келіп отыра қалуға тырысады.



Сакура:

- О, тамаша! Маған ұнады. Японияға қайтқан кезде мен де достарыммен ойнаймын.

Педагог:

- Сакураға сыйлық ретінде тақия берейік. Ол да достарымен бірге ойнасын. Сыйлық береміз бе? Иә!

Япониядан келген Сакура балалармен қоштасып шығады.



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Бұл не ән? Балалар қызығушылық танытады.

*Залға ломбада билеп екі кейіпкер кіреді.*

Педагог:

- Мен білетін секілдімін, бұл біздің Америкадан келген достарымыз. Қане амандасайық. Балалар кейіпкерлермен амандасады.

Америкадан келген Джейкоб пен Эшли:

- Hello our friends! Біз сендерді көргенімізге қуанып тұрмыз! Бүгінгі мерекек құтты болсын! Осы мерекеге орай біз сендерге би алып келдік. Бізбен бірге билеуге дайынсыңдар ма? Иә!

**Би "Ломбада" (педагог немесе музыка жетекшісі балаларды алдын-ала дайындап, биді қояды.)**

Педагог:

- Джейкоб, Эшли! Сендермен билеп біз бір сергіп алдық! Солай емес пе балалар? Иә!

Джейкоб пен Эшли:

- Біз кеттік, мерекені тойлауды басқа топтың балаларымен жалғастырайық. Сендерге көргенімізге қуаныштымыз! Келесі кездескенше our friends!

Педагог:

- Тағы кім мерекеге байланысты тақпақтар дайындап келді?

Тақпақ айтпаған балалар шығып тақпақтарын айтады.

**Балалардың тақпақтары.**

- Рақмет, балалар!

**Ән. (музыка жетекшісінің қалауы бойынша)**

**ҚОРЫТЫНДЫ**



Педагог балалардың барлығын ортаға шақырады.

Педагог түрлі-түсті таспалары бар таяқты ұстайды. Музыка әуені қосылады.

- Балалар музыка әуеніне сәйкес педагогті айналып билейді. Әуен тоқтаған кезде әр бала бір түрлі-түсті таспаны ұстап алуы керек.

Педагог:


- Қараңдаршы, біз неге ұқсап қалдық ? Біз бір шаңыраққа ұқсадық. Бұл шаңырақ біздің мемлекетіміз Қазақстан. Ал түрлі-түсті таспалар мемлекетіміздің тұрғындары.

- Неге таспалар әртүрлі деп ойлайсыңдар? Балалардың еркін жауаптары.

Педагог:

- Иә, айтып жатырмыз ғой. Біздің Қазақстанымызда көптеген өзге ұлт өкілдері мекен етеді. Барлығымыз бір шаңырақ астында тұрамыз. Әрқашан барлығымыз тату болайық. Бірлігіміз жарыссын!











Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қызылқия елді мекені  
ЖШС «Дин-Асыл1» бөбекжай балабақшасы.

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі: Байсейітова М.



## «Айгөлек» ортаңғы топ.

Тәрбиешілер. Мирашева.Г.

Жақсыбай.М.

2023-2024 ж.



**16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік тұғырым» атты ертеңгілік**

**Мақсаты:**

- 1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Мақал-мәтелді жатқа айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу.
- 2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.
- 3) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүйуге тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!

**«Тәуелсіздік-тұғырым» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!**

Барша халық таныған,

Біздің үміт тілекті.

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернер жүректі.

**- Әнұранды орындау.**

**Тәрбиеші:** Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

**Балалар:** Қазақстан республикасы.

**Жүргізуші:** Қазақстан қандай мемлекет?

**Балалар:** Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

**Жүргізуші:** Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің тұңғыш елбасы кім?

**Балалар:** Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

**Жүргізуші:** Еліміздің елордасы қай қала?

**Балалар:** Астана.

**Жақсы балалар.**

Қазақстан Жоғары кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды.



**Тәрбиеші:** Мұз жастанып азаматтық жолында,  
Тәуелсіздік туы тұрды қолында.  
Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып  
Сойыл таяқ ойнаса да жолында  
Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе  
Ұрпақ өсер айналатын тірекке  
Егемендік тиді міне еншіме  
Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.  
Біздің Отанымыз Қазақстан - тәуелсіз, егеменді мемлекет.  
Тәуелсіздік үшін қаншама азаматтарымыз, ардақты ағаларымыз, ақылды  
жастарымыз ғұмырларын күреске арнап Тәуелсіздік жолында құрбан болған  
Ләззат, Сабира, Ербол, Қайрат есімді азаматтарымыздың рухына бас иіп  
орнымыздан тұрып 1 минут еске алайық!  
Олардың аңсаған армандарымен үміт тілектері бұл күнде толық жүзеге асты.  
Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Туымыз асқақтап желбіреп тұр.

**Тәрбиеші:** Бақытым Республикам Қазақстан  
Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан  
Соған жетпес құшағы әлемнің де  
Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан.  
Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.  
**Айша.**  
Отанның қасиетті тілін сүйем,  
Отанның қасиетті күнін сүйем.  
Отан, Отан, Отан!  
Бәрінен де биік екен!  
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

**Ж.Айсұлтан.**  
Бейбіт таңдар арайлап атады,  
Туған жерді айналайды шапағы.  
Байтақ елім-ұлы Қазақстаным!  
Ең бақытты балалардың Отаны.

**Айару.**  
Қазақстан - азат елім,  
Таңғажайып туған жерім.  
Тек сен үшін мақтанамын,  
Қазақстан – елім менің.



**Қ.Айсұлтан.**

Астана арман қала,  
Бағы бір жанған қала  
Тұрасың жап-жас болып,  
Мен үлкен болғанда да

**Асем.**

Отан деген – атамсен  
Отан деген – туған жер.  
Отан – ана, Отан – үлкен.  
Қазақстан – туған ел

**Тәрбиеші:** Отан оттанда ыстық дегендей, Отан үшін жанын берген аға –  
әпкелерімізге арнап топ ұлдарының орындауында «Алға Қазағым» биін  
қабыл алыңыздар!

**Би «Алға Қазағым»**

**Тәрбиеші:** Рәміздерім елдігімнің белгісі

Білу керек баладағы ең кіші  
Әнұран, Ту, Елтаң ба  
Рәміздерді жатқа білсін әр кісі.

- Балалар рәміздерімізді кім атап береді?

Дұрыс айтасындар балалар? Ортаға рәміздер туралы тақпақтарын айтуға келе  
қойындар.

**Ақару.**

Елтаңбасы елімнің,  
Неткен әйбат әдемі.  
Тұнығындай көңілдің,  
Ортада аспан әлемі.

**Амина.**

Құт береке шаңырақ,  
Орын алған ол төрден.  
Қанатты қос арғымақ,  
Екі жақтан көмкерген.



**Ердаулет.**

Тәуелсіздік жолында,  
Талай-талай тер тамған.  
Билігім өз қолымда,  
Еркіндігім - Елтаңбам

**Мұхаммедали.**

Алтын дәнді даласы бар,  
Ақ күмістей қаласы бар.  
Неткен сұлу, неткен көркем!  
Осы менің туған өлкем!

**Тәрбиеші:**

Тал шыбықтай бұралған  
Қазағымның қыздары-ай  
Сүйсіндірген биімен  
Өнерлі ғой қыздар-ай - деп  
«Қазақстан-бақытты балалардың Отаны» биін тамашалыңыздар!

**Тәрбиеші:**

Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің,  
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің,  
Бүгінде бар әлемге даңқың жеткен  
Тәуелсіз Қазақстан елім менің.

**Тәуелсіздік туралы тақпақтарын айтады.**

**Адина.**

Бақыт құсы қонды ғой,  
Менің туған жеріме.  
Тіліміз бен дініміз,  
Қайта келді еліме.

**Сұлтан.**

Тәуелсіздік туымыз,  
Тәуелсіздік сырымыз.  
Арналады тек саған,  
Ән менен күй жырымыз.



**Ж.Айсұлтан.**

Отан менің ата-анам,  
Отан досым,бауырым.  
Отан өлкем,астанам,  
Отан туған ауылым.

**Айша**

Қазақстан - азат елім,  
Таңғажайып туған жерім.  
Тек сен үшін мақтанамын,  
Қазақстан – елім менің.

**Тәрбиеші:** Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай.

Өзіміздің жеріміз, еліміз, теңгеміз бар 2. Туымыз, Елтаңба, Әнұран теңіміз бар. Осы елімізді, жерімізді басқарып отырған ел басымыз бар.

Теңесер көкпен төбесі  
Ойының биік өресі  
Емендей өзі жігерлі  
Қайратты қайсар Ер осы!

**Тәрбиеші:** Енді міне біз тәуелсіз ел болдық.

Басқалармен терезесі тең болдық  
Әрқашанда біз дайынбыз тайсалмай  
Отан үшін болуға да құрбандық.  
Құтты болсын бүгінгі мерекеңіз  
Деңсаулықпен әкелсін берекеңіз

**Айкөркем.**

Тәуелсіздік-тірегім,  
Тәуелсіздік –тілегім.  
Ертеңі деп елімнің,  
Дүрсілдейді жүрегім.

**Құбылайхан.**

Жасасын азат ерлік күн  
Жасасын бейбіт елмен жер  
Бостандық алған қазақтың  
Мәртебесін көрсін ел.



**Тәрбиеші:**

Қазақстан – атамекен, құт қонған жер,

Кең дала, суы мөлдір, нұр тұнған жер

Көкорай белестері мақпал кілем

Қырлары қызғалдағы құлпырған жер.

Атамекен әні топ балаларының орындауында қабыл алыңыздар.

**Тәрбиеші:** Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жаксы білім алып,үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жерінді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар. Құрметті қонақтар,Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, еліміз–аман, жұртымыз тыныш болсын, еліміздің мықты азаматы болыңдар балалар. *«Тәуелсіздік тұғырым»* атты ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рахмет!







Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қызылқия ел  
“Дин-Асыл” бөбекжай балабақшасы.

“Бекітемін”  
“Дин-Асыл” бөбекжай  
балабақшасының  
меңгерушісі Байсеитова М



# “Балауса” тобы “Ұлттар достығы”



Тәрбиешілер: Турлыбекова Нурсулу

2023ж



## Ұлттар достығы 1 мамыр – Халықтар бірлігі күні.

Мақсаты: көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Плакаттар, қабырға газеттері, буклеттер.

Барысы.

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар, қадірлі балалар!

1-Мамыр – Қазақстан халқының ынтымағы мен бірлігі мерекесі құтты болсын!

Бүгінгі күн ерекше, өйткені 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «Ұлттар достығы» атты ертеңгіл өткізіліп отыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған. Сіздерді бүгінгі Халықаралық ынтымақ күні құтты болсын!

Ата-бабам ежелден-ақ дос қылған,  
Татар, қазақ болашақты тосты алдан,  
Сол достығын тағы міне дәріптеп,  
Бүгінгі күн мерекеде жайнаған.

Бүгінгі мерекеге біздің орталықтағы барлық топ бүлдіршіндері өздерінің өнерлерін алып келіп отыр.

Сіздердің алдарыңызда шағын концерттік бағдарламамызды бастауға рұқсат етіңіздер.

1-мамыр Достық мерекесіне арналған «Ұлттар достығы» атты мектепшілік мерекелік кеш

Бірінші мамыр!

Достықтың ұлы мейрамы

Тоғысар сенде жандардың ізгі ойлары

Татулық пенен бірлікке ынтымақ, адамзат,

Өзінді сәнмен қошемет етіп тойлайды!

Қазақстан бүгінде ұлттар мен ұлыстар мекендеген достық пен туысқандықтың, ынтымақ пен ырыстың ордасына айналды. Елбасы Қасым Жомарт Токаев халықтар достығы бірлік пен татулық



орныққан елдің жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан болуы керектігін  
ұлы міндет етіп қойды. Қазақстан халықтары осынау ұлы көштің  
басында қол ұстасып бірге жүрмек.

**Ғазизхан** - Назданып бүгін өмір нұрлы күні,  
Қыр беттің қызғалдаққа тұнды гүлі.  
Мамыр боп, айбары асып асқақтайды,  
Еңбек, Бақыт, Береке, Бірлік күні

**Айару** - Қаһарман, қас батырға дабылы сай,  
Арманға жетелейтін ағыны бай.  
Мен сені қуанышпен қарсы аламын,  
Ажарың ақ-шуақты мамырым-ай.

**Мейіржан** - Ынтымақ, бірлік, достық, татулық  
Бабалардан қалған дәстүр айтулы  
Түгелденіп төртеуіміз төрде тұр  
Тәуелсіздік туы мәңгі тұғырлы

Құрметті ұстаздар! Жүздерімізге шуақ, бойымызға қуат әкелген 1-  
мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні құтты  
болсын! Бүгінгі мерекемен құттықтау үшін балабақша әдіскері  
Байсеитова М апайға сөз беріледі.  
Ән: «Әрқашан күн сөнбесін»

**Ақторғын** - Күте тұғын асыға әр күнін біз,  
Арналатын ең тәтті ән жырымыз  
Мерекелі мерейлі айдың басы  
Құтты болсын Бірінші Мамырымыз!

Қазақстан Республикасының Президентінің жолдауы еліміз үшін  
де, әрбір тұрғын үшін де асыға күтер оқиғаға айналды. Жолдаудың  
әр жолында көңілінді көтеретін жылы шуақ, елдің ертеңгі көрінісін  
көз алдына келтіретін нұрлы қуат бар. Жаңа Қазақстанның көркейіп  
нұрлануына бірлесе үлес қосайық, ағайын.

Әуен жіберіліп тұрады. Сахнаға ұлттық киім киген қазақтар  
шығады. Олар өз өнерлерін көрсетеді. 1-ән, 1-қазақ биі.



Қазақстан Республикасын мекен еткен 130 дан астам ұлт өкілі күні бүгінге дейін ынтымақтастыққа, бір үйдің баласындай тату-тәтті жарасымды тіршілік кешіп келеді. Жүзі басқа болғаны мен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды, сондай-ақ қазақ халқының қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, бауырмалдылығы үшін ерекше бағалайды, бастысы-өздері қоныс тепкен Қазақстан жерінің барлық ұланымен ауыз бірлікте, туыс болуды көздейді.

Дастан - Тілі басқа тілегі бір біргеміз,  
Өздеріңмен жүздесеміз күнде біз.  
Мақсат ортақ, бейбітшілік ұран боп  
Татулықтан бұзылмасын іргеміз.

Еркемай - Мен оның түнін сүйем,күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,  
Мен оның қасиетті тілім сүйем,  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Алинур - Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,  
Бәрі маған: «Отан!»-деп сыбырлаған  
Жаным менің,Кеудемді жарып шық та,  
Бозторғайы бол да оның шырылдаған.

(Татар халық әнінің сазы естіліп,сахнаға Татар халық ұлт өкілдері шығады.

1-ән,1-биін көрсетеді.

Ернат - Бұл күні қырқаларға гүл тұнады,  
Бар әлем бір-ақ сәтте құлпырады.  
Әлемге дос құшағын жая келген,  
Армысын,бар халқымның ынтымағы!  
Бармысын,қазағымның ынтымағы!

(Сахнаға Грузин халқын шақырамыз.



Дархан - Әйнегі күн,шатыры аспан,  
Кең дала,төсі толқыған ән.  
Көлдері көкке күмістер шашқан,  
Қазақстан-Республикам менің!

Тәрбиеші: (Енді сахнаға Үнді ұлтының өкілдерін шақырамыз).

Айару - Ынтымағы жарасқан берек күн,  
Білдіреді болашақ ел ертеңін.  
Татулық пен достығың арта берсін.  
Құтты болсын бүгінгі мереке күн.  
(Келесі сахнаға Ұйғыр ұлтының өкілдерін шақырамыз).

Тәрбиеші: Күні кеше ғана Елбасы жолдауынан қуат алып  
жігерленген жұртшылық бірлік пен тірлік, бейбітшілік,достық  
салтанат құрғанда дана бақыт пен шаттық,ынтымақтастық орнаған  
да ғана болашағымыз баянды болатынынына кәміл сенеді.

Жүргізуші: «Қазақта бірлік болмай,тірлік болмайды»-деген  
ұлағатты ұғым бар.Ендеше елімізде бейбіт өмір сүріп жатқан  
ұлттармен ұлыстар өкілдерінің татулығы артып,Қазақ елінің  
нығайып,өркендеуіне өз үлесімізді қоса берейік.

«Бір кісі бармақтай құсты ұстап алып торға қамап қояды.Тұтқын  
құс күні-түні дамыл көрмей «Отан»,Отан,Отан.... » деп шырылдай  
береді.Құстың иесі: «Мұның да Отаны болғаны ма,ал Отаны болса  
қайда екен?» құсты ұшырып жеберейін де,ұшқан жағына  
қарап,ғажайып елге апаратын жолды біліп алайын» деп  
ойлайды.Сөйтіп торды ашып,құсты босатып жібереді.Құс ұшып  
шығып бар болғаны 10 қадам жердегі тастақты тақырдың арасында  
өскен жалғыз түп тікенге барып қонады.Сөйтсе,әлгі бұтада ұясы  
бар екен «Демек құстың Отаны -ұя салған жері болды ғой» деп  
ойлайды жаңағы адам.Шынында да адам түгілі құстарда ұя салып,  
мекендеген жеріне бауыр басып кетеді екен!

«Балауса»тобының «Ақ көгершін» әнің қабыл алыңыздар.



Тәрбиеші: Осымен 1 мамыр Қазақстан Халықтарының Бірлігі күніне арналған мерекелік бағдарлама аяқталды.Мереке құтты болсын ағайын!Құттықтау сөз ата-аналар атынан сөз беріледі.

Ұлыстарымыз тамыр болған ежелден,  
Кімдер қашсын қазақтайын ер елден  
Достығымыз ғасырларға жарасқан  
Туған елім,шарықтай бер кемелден!





1998  
10.10.98



Түркістан облысы Қазығұрт ауданы  
<<Дин-Асыл1>> бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:  
<<Дин-Асыл1>>бөбекжай балабақшасы  
Меңгерушісі: Үсен А



# Күншуақ тобы

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

Тақырыбы: Көліктер

Тәрбиеші: Сопахова Ж

2024-2025жыл





|                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                      |
|-----------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Педагогтың аты - жөні:      | Сопахова Жадыра Пернебиқызы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                      |
| Мерзімі:                    | 10.04.2025ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                      |
| Тобы:                       | «Күншуақ» ортаңғы тобы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                      |
| Дағды                       | Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                      |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті  | Қоршаған әлеммен таныстыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                      |
| Тақырыбы:                   | Көліктер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                      |
| Мақсаты:                    | Көліктер туралы білім беру. Көліктер туралы түсінігін кеңейту. Темір жол көлігі, өуе көлігі, су көлігі, жол көліктері туралы білімдерін тиянақтау, түсінігін қалыптастыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                      |
| Күтілетін нәтиже:           | Көліктер туралы түсінік қалыптастыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                      |
| Қолданылатын әдіс-тәсілдер: | Көліктер туралы суреттер.<br>Түрлі ойыншық көліктер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                      |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеті  | Тәрбиешінің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Ресурстар                                                                                                                                                            |
| Кіріспе бөлім               | <p><b>Сәлемдесу.</b><br/>Алдымыздан кезіккен<br/>Көп танысты көреміз,<br/>Бәріне де ізетпен<br/>Біздер сәлем береміз.</p> <p><b>Ғажайып сәт.</b><br/>-Балалар танертең балабақшаға келе жатқанда сиқырлы қоржын тауып алдым.</p>  <p>- Ішінде не бар екенін көремізбе?<br/>Бір-бірден таңдап алыңдар.<br/>-Балалар мұның ішінде тағы да жұмбақтар бар екен. Шешіп көреміз бе?<br/>Ал, мұқият тыңдайық.</p> <p>1.Қанаты бар, жаны жоқ ,</p> | <p>Балалар амандасып, шаттық шеңберіне тұрады.</p> <p>Балалар қызығушылық танытады.</p> <p>Балалар көліктерді таңдап алады</p> <p>Жұмбақтарды шешеді</p> <p>Ұшақ</p> |



Табаны бар, аяғы жоқ .  
Өзі ұшады, аспанда жүреді ,  
Теңізден де, таудан да өтеді. (Ұшақ)



-Жарайсындар! Қайсы кімнің қолында  
ұшақ бар?

2. Қос күрекпен еседі,  
Су көлігі деседі.



-Дұрыс таптындар! Қайсы кімнің  
қолында қайық бар?

3. Жүргізуші жүргізеді,  
Төрт аяқты батырды.



Қолындағы жұмбаққа сәйкес тапқан  
көліктерін көрсетеді.  
Енді сол көліктерің бойынша үшке  
бөлініп отыра қойындар.

Қолдарындағы ұшақтарды көрсетеді.

Қайық

Көрсетеді.

Машина

Көрсетеді

Үш топқа бөлініп отырады.

Негізгі бөлігі

Бүгін көлік түрлерімен танысамыз.  
-Ал, сендер балабақшаға немен  
келесіңдер?  
-Ол адамға не үшін керек?

Адамдар көліктерді алыс жерлерге  
қатынас жасау үшін  
пайдаланады. Ауыр жүктерін осы  
көліктермен тиеп апарады. Көліктердің  
үш түрлері бар. Олар:

1. Әуеде ұшатын көліктер
2. Суда жүзетін көліктер
3. Жерде жүретін көліктер

-Ендеше, мына магнит тақтаға  
көліктерді орналастырамыз.

Бірінші әуеде ұшатын көліктерді  
орналастырамыз. Қандай көліктерді  
орналастырдыңдар?


Екінші суда жүзетін көліктерді

Тыңдайды

Жауап береді



орналастырайық.  
Үшінші жерде жүретін көліктерді  
орналастырайық.



-Жарайсыңдар балалар!

**Билингвальды**

**компонент:** машина- машина,  
ұшақ- самолет, пойыз-поезд,  
қайық- лодка, көлік- транспорт.

**Дидактикалық ойын:**

«Сықырлы шеңбер»

(модельдеп сипаттау)



**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрып  
Қанатымызды жайып  
Ұшақ болып ұшып,  
Суда жүйткіп жүзіп  
Кемелерді түзіп.  
Жол тәртібін сақтап,  
Машинаға мініміз.

**Дидактикалық ойын: «Лото»**



Қайықты- суға, машинаны- жерге,  
ұшақты –әуеге орналастырады.

Қайталайды

Көліктер туралы сипаттап айтып  
береді.

Қимылмен орындайды.

Ойнайды

**Қорытынды**

Ұйымдастырылған оқу қызметін сұрақ  
– жауап арқылы қорытындылау.  
Сонымен біз нені білдік?

«Бағдаршам»

Ұшақтың ұшатынын, кемеңің  
жүзетінін, машиналардың жерде  
жолмен жүретінін білдік.













Түсінсеңдер жасыл көзді, орташа  
түсінсеңдер сарыны, түсінбесеңдер  
қызыл көзді көрсетіндер.



Балаларды мадақтау.  
-Балалар бүгін оқу қызметіне бәрің  
жақсы жауап беріп, қатыстыңдар!  
Смайликтер жапсыру.

Көрсетеді

Балалар қуанады.



Түркістан облысы Қазығұрт ауданы

Ж.Ш.С. «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

Ж.Ш.С. «Дин-Асыл» балабақшасы

Менгеруші: Үс



*Ұйымдастырылған іс-әрекет.  
Тақырыбы: «Л дыбысы және әріні»  
«Ертөстік» ересек тобы.*



Әрпақыл Ұразбаева

2025-2026



## **Ұйымдастырылған іс әрекет.**

**ҮІӨ: «Тіл дамыту»**

**Тақырыбы:** Л дыбысы және әріпі

**Мақсаты:** Л дыбысымен таныстыру;

Құрамында Л дыбысы бар сөздерді талдау. Л дыбысын дұрыс дыбыстап, оның таңбасын, әріпін таныстыру. Л дыбысы бар сөз, сөйлем құрату. Ойын арқылы тілдерін, ой-өрістерін, сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өз ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.

**Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері:** Суреттер, текшелер, әр түрлі тапсырмалар.

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, көрнекілік.

**Оқу іс-әрекетінің түрі:** ойын сабақ.

**Оқу іс-әрекетінің барысы:**

**Шаттық шеңбері:**

-Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізді бастамас бұрын бір-бірімізге жылы лебізімізді білдіріп, көтеріңкі күй сыйлайықшы.

Алтын күннің шуағы

Бақыт үшін туады.

Қайырлы күн қонақтарым

Жарық күннің турағы.

-Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізге келген қонақтарымызбен амандасып алайық. Балалар, бүгін бізде сауат ашу оқу іс-әрекеті. Біз өткен оқу іс-әрекетінде қандай дыбыстармен танысып едік есімізге түсірейікші.

Ол үшін біз сендермен кәзір «Дауысты, дауыссыз дыбыстар» ойынын ойнайық. Мен сендерге дыбыстарды айтамын, ал сендер қолдарыңдағы көк, қызыл түсті дөңгелек- текшелермен дыбыстарды ажыратып айтып көрсетесіңдер. (Тәрбиеші өткен дыбыстарды айтады).

**Ғажайып сәт:**

- Балалар мына жерде бізге тапсырмалары бар ғажайып сандық тұр екен, оның ішіндегі тапсырмаларды орындауымыз керек екен.

-Балалар, ол сандықтың ішінде бір жаңа әріпті ала келіпті. Бірақ ол бізге қандай әріп әкелгенін «айтпаймын» дейді, ол әріпті табу үшін біз мынадай тапсырмаларды орындауымыз керек.

-Тапсырмаларды орындаймыз ба? (Балалардың жауаптары).

Тапсырмаларды орындау үшін алдымен үш топқа бөлініп алайық.

**1-топ. Тұлпар тобы.**



**Ұраны;Асау тұлпар желдей ескен,**

**Біліммен еңбекке жеткен.**

-Мынау не? (Лақ)

-Лақ қай малдың төлі және ол қалай дыбыстайды? Лақ ешкінің төлі,ол мә-мә-мә деп дауыстайды

-Лақ сөзінде неше дыбыс бар? (3 дыбыс)

-Лақ сөзін буынға бөліп көрейік? (Буынға бөледі)

-Неше буын бар? (1 буын)

-Сөздің басында қандай дыбысты естіп отырсындар? (хормен айтқызу)

-Л қандай дыбыс? (дауыссыз)

-Дауыссыз дыбысты қандай түспен белгілейміз? (көк)

**2-топ. Қыран тобы;**

**Ұраны;Көк бөрідей қайраттымыз**

**Жігерлі де айбаттымыз.**

Балаларға ойын ойнату арқылы тақтада көрсетілген әріптерді атап жазба түрін,жазбаша түрін жазу.дауысты және дауыссыз атауларын атату.

Оларды буынға бөлгізу.Дыбыстың сөз басында,ортасында,аяғында келетінін баланың өзіне байқатып атату.Сөйлем құрату.

**3-топ: Қарлығаш тобы.**

**Ұраны;Қарлығаш көкке самғайды**

**Жерді көкті қорғайды.**

Кантейнердегі бояу судың ішінен Л және баскада әріптерді тауып айту. Л әріпіне желімге ұнтақ сеуіп әріпін шығару.

**4-топ. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».**

**1-ші себетке Л дыбысы бар суреттерді саламыз.**

**2-ші себетке Л дыбысы кездеспейтін суреттерді суреттерді саламыз.**

**Сергіту сәті.**

Бұғының үлкен үйі бар  
Терезеден қарайды,  
Қоян қашып келеді  
Бұғының үйін көреді,  
Тук-тук досым есік аш  
Анау орман аңшы қаш  
Қоян,қоян келе ғой,  
Қолыңды маған бере ғой.

**V.Қорытындылау.**


-Балалар,бүгін бізге кім қонаққа келді?



-Алтын сандықтың ішіндегі тапсырмаларын орындадық па?  
-Сонымен, ол бізге қандай жаңа әріпті алып келіпті?  
-Л дыбысы дауысты ма,дауыссыз ба?  
-Ал,енді балалар,осымен бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізді аяқтап және бүгінгі іс-әрекетімізге қатысып отырған қонақтарымызбен қоштасайық.

Біз ақылды баламыз,  
Айтқан тілді аламыз.  
Бүгін келген қонаққа,  
Сау болыңыздар деп айтамыз.












# Лдыбысы мен әріпі.



Дауысты дыбыстар




Дауыссыз дыбыстар



Дыбысты не істейміз?



Естіміз және айтамыз




Дыбыс нешеге бөлінеді?



Әріпті не істейміз?



Көреміз және айтамыз











Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қызылқия е\м  
«Дин-Асыл1»бөбекжай балабақшасы.

«Бекітемін»  
«Дин-Асыл1»балақшасының  
меңгерушісі:Үсен А.Ә.



## «Көгершін» топ

(ересек топ)

Ұйымдастырылған іс-әрекет.

Тақырыбы: «Қыстап қалған құстар»



Тәрбиешілер:Турлыбекова Нурсулу  
Биболова Маншук

2026жыл





Ұйымдастырылыған іс-әрекет

Білім беру саласы: Тіл дамыту Әлеуметтік орта. Қатынас. Таным.

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту. Қоршаған ортамен таныстыру. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

Сабақтың тақырыбы: Қыстап қалатын құстар.

Сабақтың мақсаты: Балаларға құстайтын құстар туралы түсінік беру, олардың атауларын үйрену, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: бейнепроектор, слайд, қиылған геометриялық пішіндер, қыстап қалатын құстардың суреттері.

Сабақтың барысы:

Шаттық шеңбер

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық.

Таза ауаны жұтайық,

Жүрекке жылу сыйлайық.

Жиналған жылы шуақты,

Қонақтарға шашайық

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілінің ерекшелігін атап айтып беріңдерші.

- Қыс мезгілінде неше ай бар?

- Қыс мезгілінің айларын атап беріңдерші.

- Қазір қыс мезгілінің қай ай

Жұмбақ

Қанаты бар талмақан

Аспанда ұшып самғаған

Жауы шыбын –шіркейдей

Табиғатты қорғаған (Құс)



Балалар көзімізді жұмайықшы. /Балалар көздерін жұмады/

Көздерін ашқанда «Қысқы орманға» келеді.

Үнтаспадан құстардың дауыстары естіледі.

Балалар ненің даусы естіікші.

- Құстардың.

- Құстардың даусы шыққан жаққа барайық.

Балалар таңғалып тыңдайды.

- Біз қайда келдік?

- Қысқы орманға.

- Құстардың неше түрі болады? /үй және дала құстары/

- Үй құстарын атап беріңдерші./ тауық, қаз, үйрек, күркетауық/

- Үй құстарын адамдар қайда ұстайды? /үйде, қорада/

- Үй құсы тауықтар адамдарға не береді?

- Ал, адамдар ше? /жем, бидай, дән, су/

- Қысқы орманда қандай құстар қалыпты?

- Суыққа шыдамды құстар қалыпты.

- Ал, қалған құстар қайда?

- Дұрыс айтасыңдар, олар жылы жаққа ұшып кетті. Оларды “Жыл құстары” деп атаймыз.

Ал, енді олар неге ұшып кетеді деп ойлайсыңдар?

- Салқын түскенде құстардың жемі азаяды, суыққа төзімсіз.

- Ал, енді суықторғай, торғай, қарға, сауысқан, тоқылдақ т. б. сияқты

«... жылы жаққа ұшпайтын, біздің жақта қыстайтын» құстарды “Отырықшы құстар” немесе “Қыстап қалатын құстар” дейді. Ал неге бұл құстар қыстап қалады? (суреттерін көрсетіп, атап шығу)

Отырықшы құстарға тоқталу.



ҚАРҒА – қара тамақ талғамайтын, еті арам құс. Кез келген тамақты қорек ететін құстардың бірі. Қар астында қатып қалған төгінділерді өткір тырнақтарымен тырнап босатып, мықты үшкір тұмсығымен шоқып қоректенеді.

Қарғаның тапсырмасы:

Еркін самғап ұшсын деп,

Мәпелейміз баптаймыз.

«Бейбітшілік құсы», - деп

Қайсы құсты мақтаймыз?

Балалар: Көгершінді.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар.

КЕПТЕР – басы кішкентай, тұмсығы түзу, сирағы қысқа құс. Кептердің қолға үйретілген түрін халық арасында “көгершін” деп атайды. Өсімдік тұқымымен, астық тұқымдарының дәнімен қоректенеді. Кептер қала, адамдарға жақын мекендейді.

Ол бізге не алып келді, қане көрейікші. Жаңа ғана қарға туралы айтып бастағанмын. Ал, көгершін құстардың тапсырмаларын алып келген екен.

Көгершінің тапсырмасын оқып берейін:

Құстар туралы тақпақ білесіңдер ме?- дейді.

Құс туралы тақпақты Айару айтып береді.

Құс ұясын бұзбаңдар,

Балапанын алмаңдар.

Құстар біздің досымыз,

Обалына қалмаңдар

ТОҚЫЛДАҚ – ұзын тұмсығы бар, құйрығы ұзын, аяқтары қысқа, түсі шұбар, өте жылдам қимылдайтын еңбекқор құс. Ағаштардың қабықтарының арасындағы бунақденелілермен қоректенеді.



Қар үстіне түскен қалдығын торғайлар теріп жейді. Осылай өзге құстарға да жемін табуына көмектеседі. Өте суық, аязды күні адам тұрағына жақын келеді.

Тоқылдақтың тапсырмасы:

Қыстап қалған құс туралы тақпақ білесің бе ?

Әділет тақпақ айтып береді .

Қыстап қалған құстар,

Қыс келді, қар жауды.

Құстар бізде қалды,

Торғай, қарға, сауысқан.

**СУЫҚТОРҒАЙ** – кеудесі қызыл, кішкентай құс. Ағаш қуыстарын, індерді, үй – жайларды мекендейді. Бұталардың дәнімен, жемісімен қоректенеді. Кейде тоқылдақ қорегінің қар бетіне түскен қалдығын теріп жейді.

/Балалар дайын пішіндерден торғайдың ұясын құрастырад.

**САУЫСҚАН** -/Сорока/ – ала қанатты, ұзын құйрықты құс. Ол өте сақ. Ерекшелігі – жалтыр, әшекейлі заттарға әуестігі. Оның ұғымталдығы да соншалық – кәдімгі қараторғай мен тоты секілді, адамның айтқан сөзін жаттап алады. Кез келген тамақты қорек етеді.

**САУЫСҚАН:** құстарға байланысты тыйым сөздерді айтып беріңдерші.

1 бала: Құстың ұясын бұзба, балапандарына тиіспе.

2 бала: Құсқа тас лақтыр ма.

3 бала: Құстардың жұмыртқасын жарма.

4 бала: Құсты атпа.

**Слайд. Торғай /Воробей/** – пайдалы, кішкентай құс. Ағаш қуысындағы зиянкес құрттарды жейді және дәнді дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді. Үй шатырларына немесе ағашқа шар тәрізді ұя салады.

**Торғай:** Мен туралы тақпақ білесің бе?



# «КӨГЕРШІН» ТОП «Қыстап қалған құстар»





Айзере торғай туралы тақпақ айтып береді.

Үйге кірші торғайым,

Мен аяздан қорғайын.

Жем шашып жегейсің,

Үйшік жасап берейін.

Тәрбиеші: Сендер серуенге шыққанда қандай құстарды көп көресіңдер?

Ендеше, торғай болып сергіту сәтін орындап берейік.

1.Сергіту сәті:

Жалпы құстар қалай пайда болатынын білесіңдер ме?

/құстардың жұмыртқадан пайда болатынын айтады/

Қыс кезінде құс үшін қауіпті жағдай жемнің табылмайтындығы. Қыстап қалатын құстардың түрі, түсі, дене пішіні, жемдерін қар астынан тауып жеуге икемделген.

- Біз қай құстардың тапсырмасын орындадық?

- Құстар болмай қалса не болады?

Апат болады. Ормандар, далалар үнсіз қалады. Құстар туралы жаңа өлеңдермен тақпақтар жазылмайды. Зиянды жәндіктермен кеміргіштер қаптап бақтар мен бақшаларды қаңыратып тастайды. Құрттар, қоңыздар ормандарды кем іріп тастайды. Орман жемістерінің тұқымдарын тарататын ештеңе қалмайды.

- Ал ондай болмас үшін біз не істеуіміз керек?

Жемшашар жасап, ағашқа іліп қоюымыз керек. Жемшашарға құстарға арнап, тағам қалдықтарын тастау керек.

Қоштасу шеңбері:

Қол ұстасып тұрайық,

Жарты шеңбер құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау саламат болайық.



Күтілетін нәтижелер:

Білу керек: Қыстайтын құстар жайлы, оларды айыра білу.

Үйренеді: Құстарға қамқор болуды.

Игереді: Құстардың ортақ қасиеттері мен айырмашылықтарын ажыратуды.



2025 – 2026ж

Тарбеев: Айтылова Б



(Kiwi mon)

«БАЛАПАН» ТОБЫ

Такырбы: «Бас бармак» (Саусақ ойындары)

менгерушісі: Веселова А. Э. « — »

бөбексай бағдарламасының

ЖШС «Дин-Асыл»

Бекітемін:

ЖШС «Дин-Асыл» бөбексай-бағдарламасы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қызылжар елді мекені



## Тақырыбы: «Бас бармақ» (Саусақ ойындар)

**Максаты:** Балаларды саусақ гимнастикасымен және ұсақ моториканы дамытуға бағытталған түрлі ойындармен таныстыру.

**Тапсырмалар:** Балаларды ұсақ моторикасын дамыту үшін баламен бірге оқуға деген ынтасын ояту; Баланың жан-жақты дамуына және ересектердің позитивті өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін эмоционалды және сенімді қарым-қатынас орнату. Саусақ ойындарының өзектілігін ашу.

**Жабдық:** Түрлі текстуралы баулар, жіптер, қарындаштар, таяқшалар, ұсақ ойыншықтар мен грек жаңғағы, тікенді резеңке ойыншықтар, саусақ театры, бөтелке қақпақтары, баулар, жіптер, моншақтар, түймелер, мозаика, пирамидалар, ұя салатын қуыршақтар, ұсақ моториканы және сөйлеуді дамытуға арналған әртүрлі оқу құралдары.

**Қатысушылар:** Балалар.

### Іс-шараның барысы.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіздер ме, құрметті балалар! Бүгін мен сіздерге "Бас бармаққа баруға" баруды ұсынамын.

Мен өз жұмысымда ұсақ моториканы дамытуға көп көңіл бөлемін, өйткені саусақ қимылдары сөйлеу қызметімен тығыз байланысты.

Қолдың ұсақ моторикасы – бұл саусақтар мен алақандардың әр түрлі қимылдары. Жалпы моторикалар – бүкіл қолмен және бүкіл денемен қимылдар.

Ұсақ моторика – саусақтардың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, олардың көмегімен кіші амплитудадағы ұсақ үйлестірілген манипуляцияларды орындай білу.

Баланың сөйлеуінің дамуы көптеген факторларға және тікелей саусақтардың ұсақ қимылдарының даму дәрежесіне байланысты екені белгілі. Егер бұл қимылдар баланың жасына сәйкес келсе, онда баланың сөйлеу тілінің дамуы да қалыпты шектерде және жасына сәйкес келеді.

Ғалымдар балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейі саусақтардың ұсақ қимылдарының қалыптасу дәрежесіне тікелей байланысты деген қорытындыға келді.

Баланың саусақтарының қозғалысы неғұрлым белсенді және дәлірек болса, соғұрлым ол тезірек сөйлей бастайды.

Атақты мұғалім Василий Александрович Сухомлинский айтты:

"Баланың ақыл-ойы оның қолында".

Қол ми қыртысында ең үлкен өкілдікке ие. Біздің алақанымызда көптеген биологиялық белсенді нүктелер бар.

Оларға әсер ету арқылы ішкі ағзалардың жұмысын реттеуге болады.

(Кішкентай саусақ- жүрек, сақина саусақ- бауыр (бүйрек), ортаңғы саусақ- ішек, сұқ саусақ- асқазан, бас бармақ – бас).

Адамның миында сөйлеу мен саусақтардың қимылына жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқаны белгілі.

Ұсақ моториканы дамыта отырып, баланың екі қолы бар екенін ұмытпау керек. Барлық жаттығуларды қайталауға тырысыңыз: оңды да, солды да орындаңыз. Оң қолды дамыта отырып, біз мидың сол жақ жарты шарының дамуын ынталандырамыз. Керісінше, сол қолды дамыта отырып, біз оң жарты шардың дамуын ынталандырамыз.

Ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулардың бірнеше түрі бар:



**Заттармен саусақ ойындары:** массаж шарлары, қарындаштар, киім қыстырғыштары ойлауды дамытады, бұлшықеттердің серпімділігін арттырады, жағымды эмоциялар мен белсенділікке тұрақты қызығушылықты тудырады.

**Таяқшалармен ойындар** (сіріңкемен, бұтақтармен) мұнда балаларға тапсырманы біртіндеп қиындата отырып, таяқшалардан сурет салу ұсынылады:

- үлгіні ересектерге салғаннан кейін орындаңыз;
- соңғы нәтижеге (үлгіге) сәйкес;
- қысқартылған схема бойынша;
- ауызша нұсқау бойынша;
- бұтақтардан сандарды орналастыру.

## **ОТБАСЫ**

Бұл саусақ — ата,

Бұл саусақ — әже,

Бұл саусақ — әке,

Бұл саусақ — ана,

Бұл саусақ мен.

Міне, менің бүкіл отбасым!

*Бас бармақтан бастап саусақтардың кезектесіп бүгілуі.*

## **Алақандағы жолдар**

Әр алақанда

Үш жол бар.

Біз барлық жолдарды табамыз,

Біз оларға саусақпен қараймыз:

Бір жол, екі және үш-

Әрқайсысын саусағыңызбен ысқылаңыз!

*(бір қолдың сұқ саусағымен екінші қолдың алақанын сызықтар бойымен ысқылаңыз.)*

## **ЖАСЫРЫНБАҚ**

Жасырынбақ, саусақтар ойнады

Және бастары алынып тасталды.

Осылай, осылай,

Және бастары алынып тасталды.

*Саусақтарды ырғақты түрде бүгу және созу. Қиындығы: әр саусақты екі қолға кезек-кезек бүгу.*

## **САУСАҚТАР СЕРУЕНДЕУГЕ ШЫҚТЫ**

Бір, екі, үш, төрт, бес

Саусақтар серуендеуге шықты.

Бір, екі, үш, төрт, бес

Олар қайтадан үйге тығылды.

*Бірінші жолдарда саусақтарды бас бармақтан бастап жұдырықшалардан кезекпен ұзарту. Келесі жолдар үшін - кішкентай саусақтан бастап саусақтарды кезек-кезек жұдырықшаға бүгу.*

*Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындау*



## Киім қыстырғыштары бар ойындар

1. Киім қыстырғышымен кезек-кезек тырнақ фалангтарын (сұқ саусақтан кішкентай саусаққа және артқа) өлеңнің екпінді буындарына "тістейміз".:

"Ақымақ котенка қатты тістеп алады,

Ол саусақ емес, тышқан деп ойлайды. *(Қолды ауыстыру.)*

Бірақ мен сенімен ойнаймын, балақай,

Ал сіз тістесеңіз, мен сізге айтамын: "Қыш!".







Түркістан облысы Қазығұрт ауданы  
Ж.Ш.С. «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:  
ЖШС «Дин-асыл» б/балабақшасы  
Менгеруші: Үсен Аманжол



**Ұйымдастырылған іс-әрекет**  
**Тақырыбы: «Торғай мен тышқан».**  
**«Ертөстік» ересек тобы.**

Тәрбиеші: Уразбаева Д.

2024-2025 ж.





Білім беру саласы: «Әлеуметтік орта»

Бөлімі: Көркем әдебиет, таным, шығармашылық, денсаулық.

Тақырыбы: Торғай мен тышқан.

Мақсаты: Танымдық әрекетін шыңдау. Сөздік логикалық қасиет, ой қиялдарын, қызығушылық сезімін дамыту, дүние танымын дамыту, дүние танымын кеңейтіп, еңбекке баулуға үйрету. Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін айтып беру, рөлдерге бөліп ойнатып, тілдерін дамыту. Еңбекке, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Іс – әрекет кезеңдері

Тәрбиешінің іс – әрекеті. Балалардың іс – әрекеті

Мотивациялық қызығушылық кезеңдері «Ертеңгілік шеңбері»

Балалар бір – біріне гүл беру арқылы жылы сөздер айтады.

Балалар бір – біріне жылы лебіз айтады.

Ұйымдастыру және ізденушілік кезеңдері Бір – бірімізге жылы тілектерімізді білдірдік. Мен сендерге сәттілік тілеймін.

«Шаттық шеңбері».

Біздер жақсы баламыз,

Өсті ақыл санамыз,

Қонақтармен ең алғаш,

Сәлемдесіп аламыз. Сәлеметсіздерме.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, менің қолымда не көріп тұрсыңдар?

Балалар: Жүрекше.

Тәрбиеші: Қане балалар жүрегімізден шығарып жылы сөздер айтайықшы.

Аспанымыз ашық болсын,

Күніміз жарық болсын,

Еліміз тыныш болсын,



Ата-анамыз аман болсын.

Тәрбиеші:Жарайсыңдар балалар,бәріміз орнымызға жайғасып отырамыз.

Балалар:Қазір қазір жылдың қай мезгілі?

Көктемнің қай айы?

Балалар көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?

Тәрбиеші:Жарайсыңдар балалар,олай болса көктем туралы кім тақпақ айтып береді?

Айгерім:Көктем қандай көңілді

Көктен жаңбыр төгілді,

Мөлдір аспан ашылып

Күннің көзі көрінді.

Жансерік:Көктем ,көктем көктемде,

Құстар келіп жеткенде,

Қуанып біз қаламыз,

Әнмен қарсы аламыз.

Тәрбиеші:Өте жақсы керемет.

«Ғажайып сәт».

( Есік тықылдап құыршақ кіріп келеді.)

Топқа құыршақ кіріп келеді.Саламатсыңдарма балалар сендер мұнда не істеп отырсыңдар,мен балабақшаға немеремді көрейін деп келіп едім.

Тәрбиеші: Құыршақ біздің тобымызда ұйымдастырылған іс-әрекет болып жатыр .Келіңіз қонақ болыңыз апайлар ұстаздарда келген ,төрлетіңіз.

Құыршақ:Олай болса балалар мен сендерге ертегі айтып берейін тыңдайсыңдарма.



Балалар:Ия .

Құыршақ:Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін айтып береді.Балалар мұқият тыңдап ертегіні сахналауға кіріседі.

Құыршақ:Балалар сендерге ертегі ұнадыма.

Тәрбиеші:Балалар қараңдаршы бізде мына жерде қорап тұр екен,қанеки ашып көрейікші ішінде не бар екенін.Балалар ішінде торсық бар екен,Торсық дегеніміз не екенін білемізбе балалар?.

Балалар:Торсық қазақ халқының ұлттық ыдысы.

Тәрбиеші:Бұл ыдысты не үшін қолданамыз?

Балалар:Қымыз,қымыран ,су құйылатын ыдыс.

Тәрбиеші:Ал балалар бізге осы торсықтардың ішінде сұрақтар жасырылған екен,сол сұрақтарды үш топқа бөлініп орындамыз.

Топқа бөлінеміз:

1.Қарлығаш топ.

2.Сұңқар топ.

3.Тұлпар топ болып.

Тәрбиеші:Ал қанеки балалар,әр топ өзінің топтарын қорғасыншы.

1.Қарлығаш.Қарлығаш көкке самғайды,  
Жерді көкті қорғайды.

2.Қыран.Көк бөрідей қайраттымыз,  
Жігерліде қайраттымыз.

3.Тұлпар.Асау тұлпар желдей ескен,  
Білім мен еңбекке жеткен

Балаларды рөлдерге бөліп, ертегіні сахналау.

2-тапсырма:

Жануарлардың сұлбасын сүзгіштен ұн елеп көрсету.

3.-тапсырма:

Хаттардың ішінде нелер және кімдер жасырылғанын айтып беру.

Тәрбиеші:Торғай мен тышқан артық қалған бидай үшін кімге ақыл сұрауға барады? Бұл жерде қандай еңбек жасалды,торғай мен



тышқанның екеуінің де еңбектері бағаланды ма қалай ойлаисыңдар.

- Жарайсыңдар, балалар! Тапсырмаларды бірігіп жақсы орындадыңдар. Мені сендер сияқты басқа да балалар күтіп отыр, соларға асығыспын. Рахмет сендерге, Сау болыңдар, балалар!

Тәрбиеші: Ал балалар олай болса қимылдарымызбен сергіту сәтін жасайық.

«Сергіту сәті».

Кел ойнайық домбыра,  
Телефонның орнына  
Қос ішекті әйбат,  
Былай былай ойнат,  
Домбыраның үнімен  
Бақшамызда ойнап.

(балалар қимылмен көрсетеді)

Балалар тыныш отырып, қызыға тыңдайды.

Сергіту сәтін қимылмен өлең шумағы бойынша қайталап жасайды

Балалар ертегіні қуана сахналайды.

Балалар қызыға және дұрыс орындауға тырысады.

Қуыршақпен қоштасады.

Бекіту, бақылау

Сұрақ – жауап:

- Балалар, бүгін бізге көркем әдебиет ұйым. Оқу іс – әрекетіне кім келді?

- Қандай ертегі тыңдадыңдар?

- Торсықтың ішіндегі қандай тапсырмаларын орындадық?

- Осы ертегі арқылы нені түсіндік? Бір – бірімізбен қандай болу керекпіз және нені сүйеу керекпіз?







Қоштасу:

Қол ұстасып тұрайық. Көріскенше күн жақсы Сау – сәлемет болайық.

Балалар барлық сұрақтарға жауап береді.

Балалар өз білгендерін айтады.

Қоштасу:

Қол ұстасып тұрайық. Көріскенше күн жақсы Сау – сәлемет болайық.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Торғай, тышқанды.

Қалыптастыру керек: тапсырмаларды дұрыс орындауды, рөлдерге еніп ойнауды, достық қарым – қатынасты, еңбек сүйгіштікті.

Меңгеруі керек: Қандай жануарлардың сұлбасын жасағанын.Сахналауды.



Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қызылқия е\м

«Дин-Асыл1»бөбекжай балабақшасы.




«Бекітемін»

«Дин-Асыл1»б\бақшасының  
менгерушісі:Үсен.А.Ә

«Күншуақ»  
(ересек топ)

ТОП

## «Келді міне Алтын күз»



Тәрбиеші: Сопахова Жадыра

2025-2026ж





## Ертеңгілік «Алтын күз»

Дауыс: Міне, өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен толқып, билеп күз де жетті. Күздің келуін бәріміз де асыға күттік. Ал, күз бізге мол өнімдерін сыйға тартуда.

Жүргізуші: Армысыздар ата-аналар, қымбатты тәрбиешілер және кішкентай бүлдіршіндер! Молшылық пен береке әкелетін Алтын Күз мерекесін бізбен бірге өткізуге қош келіңіздер.

Бүгін мейрам, бүгін той

Қуаныш күн, біліп қой

Күзгі бақта сыңғырлап

Алақанды ұрып қой.

Ендеше бүгінгі Алтын күз мерекесінің кейіпкерлері «Күншуақ» тобының бүлдіршіндерін ортамызға қол соғып, қошеметтеп қарсы алайық.

Жүргізуші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, сендер бұл жұмбақтың шешуін тапсаңдар біздің көптен күткен қонағымыз келеді. Ендеше сендер дайынсыңдар ма?

БАЛАЛАР: Әрине дайынбыз.

Жүргізуші: Көк майсалы көрікті

Алқап тола көп егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін ( Күз )

Балалар жауабы: КҮЗ

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар балалар ол Күз мезгілі.

Жүргізуші: Сары жібек көйлегін желбіретіп

Жапырағын ағаштардың селбіретіп

Тойға бөлеп елімізді күзім келді

Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп

дей отырып береке мен мерекені өзімен бірге ала келген құтты қонағымыз Алтын Күзімізді қарсы алайық!!!



КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ: Сәлем менің достарым

Өмірге көп қосқаным

Күз сыйлығын алыңдар

Сыйлығына қаныңдар.

Молшылыққа кенеліп,

Шаттық әнге салыңдар.

Жүргізуші: Астық жеміс жиылды

Қамбамызға құйылды

Ардақты Күз мың алғыс

Алдық өнім сыйыңды

Ендеше біздің балаларымыздың Күз мезгіліне арнап жаттаған өлең-тақпақтарына берсек.

Ортаға ЖАНЕРКЕ АЙША ГҮЛСАЯ НҰРАСЫЛ ОМАР АЙТҰМАР

ЖАНЕРКЕ Думан толы асқарлы

Күз мезгілі басталды

Күз әуені кеп жетті

Әнге бөлеп жастарды

АЙША Алақай алақай,

Шаттанды балақай.

Күз түсті, дән пісті,

Айтамыз алғысты

ГҮЛСАЯ Алтын күз келді

Сарғайды айнала

Енді жылы киініп

Ойнаймыз далада



ОМАР      Күз-мереке  
             Күз-береке

НҰРАСЫЛ      Келді міне күз  
                 Айнала сары түс  
                 Керемет, тамаша  
                 Қандай әсем күз

АЙТҰМАР      Күзім-ау, Күзім-ау  
                 Мінезің бұзық-ау  
                 Жаңбырың сіркіреп  
                 Келгенің қызық-ау

Жүргізуші: Алтын күз біз бен сізге шуақ шашсын  
                 Көңілді серіппелі күйін ашсын.  
                 Бақ пенен шаттық бірге қатар қонып  
                 Береке бірлікпенен ортақтассын.

дей отыра келесі кезекті сегіз қырлы бір сырлы Сері жігіттеріміздің  
орындауында «Жігіттер биі» Бәйге

Жарайсыңдар балалар! Қандай керемет билейсіңдер

Жүргізуші: Шат көңілді балалар  
                 Шаршағанды білмейді  
                 Алтын күз жайында  
                 Тақпағымыз бар дейді

Ендеше ортаға    АЙБАР    А.ӘБУБӘКІР    АЯНА    ТОҚТАР    АДИНА    ЖАНЕРКЕ  
Е.АЛИХАН

АЙБАР      Алтын Күз Ару  
             Неткен жан сұлу



Әдемі жүзің

Төгеді жылу

А.ӘБУБӘКІР Түскенде Алтын күз

Жинадық алтын тіс

АЯНА Көрініп еліме

Күндері мереке

Келді ғой жеріме

Күз дейтін мереке

ТОҚТАР Жеміс - жидек пісті

Қамбаға астық түсті

АДИНА Құстар да кетті

Біз жаққа сыймай

Қоштастық біз де

Қимай - қимай

Е.АЛИХАН Желдетіп айнала

Табиғат сөйлейді

Алтындай жапырақ

Тербеліп билейді

Жүргізуші: Өнер десе жайнаймыз,

Сандуғаштай сайраймыз.

Алтын күзге арналған



## Әнімізді шырқаймыз

Дей отырып кезекті Алтын Күзімізге арналып шырқалатын Әнімізге берсек

ХОР «Күз тамаша»

Жүргізуші: Жаз мезгілі бітіпті

Күз де келіп жетіпті

Алтын күз қызық болған соң

Барлық бала келіпті

Балалар Күз мезгіліне арналған өлең жолдарын айтып бермекші.

Ортамызға ӘСЕЛ МАНСҰР ДАРХАН АЙДА ДІНМҰХАММЕД ЗЕРЕ АРСЕН

ӘСЕЛ Табиғат тамаша

Көз тоймас қараса

Ағаштар жайқалып

Қуанар балаша

МАНСҰР Күттіріп келді

Алтын күз бізге

Шаттанып күліп

Қарсы алдық бізде

ДАРХАН Күздің қазан айында

Алма, алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр сыбдыр етеді

АЙДА Сап - сары маңай



Сап - сары тоғай  
Соңғы әнін айтып  
Құс кетті қайтып

ДІНМҰХАММЕД Келді міне күз  
Айнала сары түс  
Керемет тамаша  
Қандай әсем күз

ЗЕРЕ Жапырақ ұшты  
Суық та түсті  
Сонда да бізге  
Қызық көп күзде

АРСЕН Күз - мереке  
Күз - береке

Күз ханшайымы: Рахмет сендерге балалар, өнерлі екенсіңдер!  
Өнерлерің осы алмадай тәтті болсын деп алма таратады.

Жүргізуші: Алтын Күз! Саған байлығың мен астығың, алуан түрлі жеміс-жидектерің мен алтын түске боялған жайлауың үшін мол алғысымызды айтамыз. Жасаған еңбегіңнің алғысы ретінде қыздарымыздың әсем биін қабыл ал.

Қыздарымыздың орындауында  
БИ «Париждегі Күз» қолшатыр биі

Жүргізуші: Ал жиналған көпшілік осымен шағын мерекеміз аяқталды.  
Келесі жыл айналып Алтын күзге амандықпен жете берейік.



